

2018-2020 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджетін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 150 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 қаңтарда № 5788 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2018-2020 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 7618168,7 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2799447,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 6008,2 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 12696,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 4800017,5 мың теңге;

2) шығындар – 8047100,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – -1608,0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 2534,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 4142,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы - -427324,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 427324,0 мың теңге.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 28.02.2018 № 180 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.04.2018 № 205 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.06.2018 № 226 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.08.2018 № 248 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2018 № 266 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.12.2018 № 281 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Аудан бюджетінің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

салықтық түсімдер бойынша:

табыс салығы, оның ішінде жеке табыс салығы;

әлеуметтік салық;

меншікке салынатын салықтар, оның ішінде:

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салық;

бірінғай жер салығы;

тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар, оның ішінде:

акциздер;

табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер;

кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар;

ойын бизнесіне салық;

заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер, оның ішінде мемлекеттік баж;

салықтық емес түсімдер бойынша:

мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер, оның ішінде мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар, оның ішінде:

мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

басқа да салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, оның ішінде жерді сату.

3. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 қарашадағы "2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 бабына сәйкес, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 28284 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2405 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 28284 теңге көлемінде белгіленгені ескерілсін.

4. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін субвенция көлемі 3718000,0 мың теңге сомасында көзделсін.

5. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте аудандық маңызы бар қалаға және ауылдық округтерге берілетін субвенциялар көлемі 551413,0 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Шалқар қаласына - 363033,0 мың теңге;

Айшуақ ауылдық округіне – 28361,0 мың теңге;

Біршоғыр ауылдық округіне – 48177,0 мың теңге;

Бозой ауылдық округіне – 67871,0 мың теңге;

Кішіқұм ауылдық округіне – 43971,0 мың теңге.

6. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджетке 329142,0 мың теңге көлемінде ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін, оның ішінде:

заңнамаға енгізілген өзгертулерге сәйкес жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімін 2018 жылдан 2020 жылға ауыстыруына байланысты 204000,0 мың теңге;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдары бойынша мөлшерлеменің азаюына байланысты 63563,0 мың теңге;

функциялардың өзгеруіне байланысты – 61579,0 мың теңге.

Ескерту. 6 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 07.06.2018 № 226 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. 2018 жылға арналған аудандық бюджетке республикалық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 44000,0 мың теңге;

әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесшілер мен ассистенттерді енгізуге – 10435,0 мың теңге;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға 2012-2018 жылдарға арналған шаралар жоспарын іске асыруға – 13904,0 мың теңге;

мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ашуға – 276,0 мың теңге;

еңбек нарығын дамытуға - 54183,8 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын жүзеге асыруға – 35888,0 мың теңге;

тіл курстарында тағылымдамадан өткен мұғалімдерге және оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырған мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 13714,0 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға – 2534,0 мың теңге;

жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге – 125750,0 мың теңге;

ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге – 10305,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 7 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 28.02.2018 № 180 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.06.2018 № 226 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.08.2018 № 248 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2018 № 266 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.12.2018 № 281 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7-1. 2018 жылға арналған аудандық бюджетке республикалық бюджеттен мынадай көлемде нысаналы даму трансферті бөлінгені ескерілсін:

Шалқар ауданы Қотыртас ауылындағы сумен жабдықтау желілерін қайта жарақтауға – 150000,0 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттің сомасын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. Шешім 7-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 07.06.2018 № 226 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2018 жылға арналған аудандық бюджетке облыстық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттері бөлінгені ескерілсін:

мемлекеттік органның күрделі шығыстарына – 14300,0 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын жүзеге асыруға – 57001,0 мың теңге;

жалпы орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге – 175792,0 мың теңге;

жалпы орта білім беру мектептерін кеңжолақты интернетке қосылуын қамтамасыз етуге – 17206,0 мың теңге;

жалпы орта білім беру мектептерін интерактивті білім беру контентіне қосуға – 7710,0 мың теңге;

жалпы орта білім беру мектептерін техникалық инфрақұрылыммен жабдықтауға – 13887,0 мың теңге;

жалпы орта білім беру мектептердің компьютерлік техникасын жаңартуға – 13085,0 мың теңге;

мектептерге оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сатып алуға – 40128,0 мың теңге;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге – 37944,0 мың теңге;

мәдениет ұйымдарын жарақтандыруға – 996,1 мың теңге;

алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың құнын иелеріне өтеуге – 1839,0 мың теңге;

автомобиль жолдарын орташа жөндеуге – 64803,8 мың теңге;
нәтижелі жұмыспен қамтуға және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға – 19278,0 мың теңге;

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының күрделі шығыстарына – 2957,5 мың теңге;

жалпы білім беру мектептерінде спорттық құрылғылар орнатуға - 5600,0 мың теңге;

Шалқар ауданы, Мөңке би ауылдық округіндегі Мөңке би ауылын көркейтуге және көгалдандыруға – 4160,0 мың теңге;

Шалқар ауданы, Айшуақ ауылдық округінде даладағы және елді мекендердегі өрттерді сөндіру бекетін ашуға – 2123,0 мың теңге;

нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде білім беру объектілерін жөндеуге – 29798,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 8 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 28.02.2018 № 180 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.06.2018 № 226 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) 28.08.2018 № 248 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2018 № 266 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.12.2018 № 281 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен мынадай көлемдерде нысаналы даму трансферттері бөлінгені ескерілсін:

Шалқар ауданы, Шалқар қаласы, Сейтов көшесінен 2-қабатты 8-пәтерлік жалдамалы коммуналдық тұрғын үйін салуға – 59895,0 мың теңге;

Шалқар ауданы, Шалқар қаласы, Сейтов көшесінен салынатын 2-қабатты 8-пәтерлік жалдамалы коммуналдық тұрғын үйдің сыртқы инженерлік-коммуникациялық желілерін салуға – 6515,0 мың теңге;

Шалқар ауданы, Қайдауыл стансасы және Ақтан батыр ауылындағы сумен жабдықтау желілерін қайта жарақтауға жобалық-сметалық құжаттамасын дайындауға – 13525,6 мың теңге;

Шалқар ауданы, Копмола, Жылан, 1030 км стансалары және Кеңдала разъезіндегі сумен жабдықтау желілерін қайта жарақтауға жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге – 9570,0 мың теңге;

Шалқар ауданы, Мөңке би ауылындағы сумен жабдықтау желілерін салуға жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге – 10487,2 мың теңге;

Шалқар ауданы, Шалқар қаласы, Шман ауылының даму аймағында сумен жабдықтау желілерін салуға жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге – 7079,5 мың теңге;

Шалқар ауданы, Шалқар қаласының даму аймағында (Жанкелдин поселкесі) сумен жабдықтау желілерінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге – 2240,0 мың теңге;

Шалқар ауданы, Шалқар қаласының даму аймағында (Жанкелдин поселкесі) электрмен қамту желілерінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге – 1351,0 мың теңге;

Шалқар ауданы, Бозой ауылының даму аймағына газбен жабдықтау желілерінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге – 1680,0 мың теңге;

Шалқар ауданы, Бозой ауылының даму аймағына сумен жабдықтау желілерінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге – 1680,0 мың теңге;

Шалқар ауданы, Бозой ауылының даму аймағына электрмен қамту желілерінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге – 930,0 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 9 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 28.02.2018 № 180 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.06.2018 № 226 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) 28.08.2018 № 248 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2018 № 266 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9-1. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте аудандық маңызы бар қалаға және ауылдық округтерге 70082,2 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін, оның ішінде:

Шалқар қаласына – 56482,0 мың теңге;

Айшуақ ауылдық округіне – 3961,6 мың теңге;

Біршоғыр ауылдық округіне – 1063,8 мың теңге;

Бозой ауылдық округіне – 1196,0 мың теңге;

Кішіқұм ауылдық округіне – 6347,8 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. Шешім 9-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 28.02.2018 № 180 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 23.04.2018 № 205 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.06.2018 № 226 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2018 № 266 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.12.2018 № 281 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. Жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруға аудан бюджетінен 2018 жылға ауылдық округтер бойынша берілетін трансферттердің көлемі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2018 жылға арналған резерві, 52000,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

12. 2018 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі, 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Ауылдық округтердің әкімі аппараттары бойынша 2018 жылға арналған бюджеттік бағдарламаларының қаржыландыру көлемі, 6 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

15. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Т. Махамбетов

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы
12 желтоқсандағы № 150 шешіміне 1 қосымша

2018 жылға арналған Шалқар аудандық бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 14.12.2018 № 281 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты		Сомасы, мың теңге	
Сыныбы	Ішкі сыныбы		
	Атауы		
		КІРІСТЕР	7618168,7
1		Салықтық түсімдер	2799447,0
	01	Табыс салығы	238379,0
	2	Жеке табыс салығы	238379,0
	03	Әлеуметтік салық	193841,0
	1	Әлеуметтік салық	193841,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	2313452,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	2300275,0
	3	Жер салығы	2165,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	8512,0
	5	Бірыңғай жер салығы	2500,0
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	49875,0

	2	Акциздер	2145,0
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	36300,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	10880,0
	5	Ойын бизнесіне салық	550,0
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3900,0
	1	Мемлекеттік баж	3900,0
2		Салықтық емес түсімдер	6008,2
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1475,2
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1080,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілетін кредиттер бойынша сыйақылар	3,2
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	392,0
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	563,0
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	563,0
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3970,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3970,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	12696,0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1996,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1996,0
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	10700,0
	1	Жерді сату	10700,0
4		Трансферттердің түсімдері	4800017,5
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4800017,5
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4800017,5
II. ШЫҒЫНДАР			8047100,7
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	394786,4
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	286660,7
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	23396,0
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23004,0
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	392,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	127724,6
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	108860,0
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	15089,6

		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3775,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	135540,1
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	124538,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11002,1
2			Қаржылық қызмет	39965,6
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	39965,6
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24509,3
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1171,7
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	85,3
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	443,1
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	13756,2
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	22753,5
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	22753,5
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22453,5
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300,0
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	45406,6
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	45406,6
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11526,6
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	120,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	33760,0
02			Қорғаныс	11196,6
1			Әскери мұқтаждар	3960,9
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3960,9
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3960,9
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	7235,7
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7235,7
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2337,3
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	4898,4
04			Білім беру	5119393,7
1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	287500,6
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	287500,6
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	30530,0

		024	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	49033,5
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	207937,1
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	4597245,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4553291,0
		003	Жалпы білім беру	4231423,0
		006	Балаларға қосымша білім беру	321868,0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	42954,0
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	42954,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1000,0
		021	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1000,0
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	234648,1
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	234648,1
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22962,6
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	4500,0
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	105510,0
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстарды өткізу	4189,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	9221,5
		023	Әдістемелік жұмыс	24526,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	40680,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	23059,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	491942,7
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	51720,0
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	49600,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	49600,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2120,0
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	2120,0
2			Әлеуметтік көмек	405030,8
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	405030,8
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	267970,8
			Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып	

		004	алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	15226,0
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	7000,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	54056,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	5340,0
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	26014,0
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	29424,0
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	35191,9
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	32074,0
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24915,0
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1049,0
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	610,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	5500,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3117,9
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	3117,9
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	412981,0
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	110025,2
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2046,7
		007	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	2046,7
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3889,5
		002	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	2078,0
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	311,5
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	1500,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	29798,0
		026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	29798,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	74291,0

		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	59895,0
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	14396,0
2			Коммуналдық шаруашылық	255752,5
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	32799,2
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	6600,0
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	7812,1
		027	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	18387,1
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	222953,3
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	39370,5
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	183582,8
3			Елді-мекендерді көркейту	47203,3
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1079,3
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	521,3
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	558,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	46124,0
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	41964,0
		018	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	4160,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	327524,4
1			Мәдениет саласындағы қызмет	127489,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	127489,0
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	127489,0
2			Спорт	13490,0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	13490,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7618,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	50,0
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1480,0
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4150,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	192,0
3			Ақпараттық кеңістік	103841,5
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	89141,5
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	88238,0

		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	903,5
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	14700,0
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	14700,0
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	82703,9
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	40800,1
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16968,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	23832,1
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	41903,8
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15721,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	26182,8
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	171309,9
	1		Ауыл шаруашылығы	126430,2
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	23613,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23363,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250,0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	102817,2
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13240,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	600,0
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	687,0
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	407,2
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1500,0
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	1839,0
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	5376,0
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	79168,0
6			Жер қатынастары	40933,7
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	40933,7
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16043,0
		003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	59,0
		004	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	16710,0
		006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	4626,7

		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3495,0
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	3946,0
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	3946,0
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	3946,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	22195,0
2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	22195,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	22195,0
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18935,0
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3260,0
12			Көлік және коммуникация	191403,5
1			Автомобиль көлігі	191403,5
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	191403,5
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	6700,0
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	184703,5
13			Басқалар	11859,0
3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	11859,0
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	11859,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10109,0
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	1600,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150,0
14			Борышқа қызмет көрсету	108,1
1			Борышқа қызмет көрсету	108,1
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	108,1
		013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	108,1
15			Трансферттер	892400,4
1			Трансферттер	892400,4
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	892400,4
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	6,6
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	329142,0
		038	Субвенциялар	551413,0
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	11838,0
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	0,8

III. Таза бюджеттік кредиттер			-1608,0
Бюджеттік кредиттер			2534,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	2534,0
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	2534,0
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	2534,0
	006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	2534,0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	4142,0
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	4142,0
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	4142,0
		IV. Бюджет тапшылығы (профицит)	-427324,0
		V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	427324,0
7		Қарыздар түсімдері	2534,0
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	2534,0
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	2534,0
16		Қарыздарды өтеу	4142,0
	1	Қарыздарды өтеу	4142,0
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	4142,0
	008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	4142,0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	428932,0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	428932,0
